

Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру Қағидасын бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2009 жылғы 30 қыркүйектегі N 151 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаменті Қазалы ауданының Әділет басқармасында 2009 жылы 03 қарашада N 10-4-103 тіркелді. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012 жылғы 11 желтоқсандағы N 356 хатымен)

Ескерту. Қолданылу мерзімінің аяқталуына байланысты күші жойылды - (Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2012.12.11 N 356 хатымен).

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1 тармағының 15 тармақшасын, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" 2005 жылғы 8 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 7 бабының 3 тармағының 4 тармақшасын басшылыққа ала отырып аудандық Мәслихат **ШЕШІМ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған қосымшаға сәйкес ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру қағидасы бекітілсін.

Ескерту. Атауы мен 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.01.30 N 182 шешімімен.

2. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихаттың XVII  
сессиясының төрағасы Қ. Әлімбай  
Аудандық мәслихаттың хатшысы Т. Бөріқұлақов  
Аудандық Мәслихаттың  
2009 жылғы 30 қыркүйектегі  
N 151 нормативтік құқықтық  
кесіммен бекітілген

**Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек беру**

## **Қағидасы**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Осы қағида ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек (бұдан әрі - әлеуметтік көмек) берудің тәртібін белгілейді.

**Ескерту. Атауы мен 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.01.30 N 182 шешімімен.**

2. Қағида "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы және "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңдарына сәйкес әзірленді.

### **2. Қаржыландыру түрі**

3. Ауылдық елді мекендерде тұратын және жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алу үшін әлеуметтік көмек жергілікті өкілді органның шешімі бойынша бюджет қаражаты есебінен бекітілген мөлшерде беріледі.

**Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.01.30 N 182 шешімімен.**

4. Әлеуметтік көмек "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің "Ауылдық жерлерде тұратын денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамтамасыз ету, мәдениет және спорт мамандарына отын сатып алуға Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әлеуметтік көмек көрсету" 451004000332 бюджеттік бағдарламасында қаралған қаражат есебінен қаржыландырылады.

### **3. Әлеуметтік көмектің тағайындалуы және төленуі**

5. Отын сатып алу үшін берілетін әлеуметтік көмекті алуға құқылы адам "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесіне мынадай құжаттарды ұсынады:

- 1) өтініш;
- 2) жеке куәліктің көшірмесі;
- 3) СТН (салық төлеушінің нөмірі) көшірмесі;
- 4) азаматтарды тіркеу кітабы (көшірмесімен бірге) немесе тұрғылықты жері бойынша отбасының құрамы туралы анықтама;
- 5) жұмыс орнынан анықтама.

6. Құжаттарды дайындау "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі құрған комиссия арқылы жүргізіледі. Құжаттарды қарау қорытындысымен комиссия әлеуметтік көмекті тағайындау немесе бас тарту туралы шешім қабылдайды. Комиссия шешімі өтініш берушіге хабарланады, ал әлеуметтік көмекті тағайындаудан бас тартылған жағдайда дәлелді себебі көрсетіледі.

7. Әлеуметтік көмек алушылардың отбасында бірнеше мүшесінің әлеуметтік көмекке құқы бар болған жағдайда көмек отбасының әрбір мүшесіне беріледі және жылына бір рет ақшалай түрде төленеді. Сондай-ақ, егер ағымдағы жылы әлеуметтік көмекті алуға өтініш жасалмаса, онда сол жылы алмаған әлеуметтік көмек келесі жылдың есебіне қосылмайды және берілмейді.

**Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - Қызылорда облысы Қазалы аудандық мәслихатының 2010.01.30 N 182 шешімімен.**

8. "Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі комиссияның шешіміне сәйкес әлеуметтік көмекті алушылардың есебін жүргізеді және ақша қаражаттарының түсуіне қарай әлеуметтік көмек тағайындалған адамдардың жеке есеп шоттарына аударады.

9. Әлеуметтік көмек алушыларға төленетін қаржы екінші деңгейдегі банктер немесе банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы жүргізіледі.

#### **4. Әлеуметтік көмектің берілуін бақылау мен есеп беру**

10. Әлеуметтік көмектің берілуін бақылау мен есеп беру Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаларына сәйкес жүзеге асырылады.